**«*Platonus» ААЖ-дағы*** ПОҚ пәндерін бөлу модулі бойынша
***оқытушыға пәндердің академиялық ағымын бекіту*** нұсқаулығы

**«Platonus» ААЖ-дағы** басты бетті ашыңыз.

1) Негізгі мәзірден «Оқу ағымдары» - «ПОҚ пәндерін бөлу» бөлімін таңдаңыз.

2) «ПОҚ пәндерін бөлу» бетіндегі жолаққа қажетті пән бойынша мәндерді белгілеңіз. Мысалы,

a. «Физика» пәнінің атауын іздеу жолағына жазыңыз.

b. Факультет, Кафедра жолақтарында қажетті пән бойынша тиісті мәндерді таңдаңыз (пәнді кім оқиды).

c. Жолақтарға тиісті мәндерді белгілеңіз: академиялық дәреже, Оқу нысаны, Оқу жылы, Академиялық кезең.

d. «Іздеу» түймешесін басыңыз.

e. Беттің төменгі жағында деректері бар тізім көрсетіледі (№р/с, пән, Код, пән компоненті, кредит саны, оқу тілі, білім алушылардың ең көп саны, сабақ түрі, жоспарланған ағымдар саны, оқытушы ағымдарының саны).




1) Қажетті пән бойынша тізімді дұрыс көрсетпеудің үлгісі:

a. Бір пәннің кодтары әртүрлі.

b. Кредит саны әртүрлі.

c. Оқу тілі бірдей академиялық ағымдардың саны бірден көп.

d. Оқу сағаттарын дұрыс бөлмеу – 15-ке тең емес.

e. Пән бойынша оқу сағаттарын бөлудің әртүрлі болуы.



1) Қажетті пән бойынша тізімді дұрыс көрсетудің үлгісі:
a. Пәннің бір автокоды бар.
b. Кредит санының бір мәні бар.
c. Оқу тілі бірдей академиялық ағым саны – 1.
d. Оқу сағаттарын дұрыс бөлу – 15-ке тең.
e. Пән бойынша оқу сағаттарын бірдей бөлу

| № | ПӘН | КОД | ПӘННІҢ КОМПОНЕНТ | КРЕДИТТЕР САНЫ | ОҚЫТУ ТІЛІ | СТУДЕНТТЕРДІҢ МАКСИМАЛДЫ САНЫ | САБАҚ ТҮРІ | ЖОСПАРЛАНҒАН ТОПТАР САНЫ | ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ ТОПТАР САНЫ |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Өсімдік шаруашылығы | Ras 3325 | БеП | 7 | орыс | 7 | Л (15) | 1 | 0 |
| | | | | | | 7 | СПЗ (15) | 1 | 0 |
| | | | | | | 7 | ЛЗ (30) | 1 | 0 |
| 2 | Өсімдік шаруашылығы | Ras 3325 | БеП | 7 | қазақ | 21 | Л (15) | 1 | 0 |
| | | | | | | 21 | СПЗ (15) | 1 | 0 |
| | | | | | | 21 | ЛЗ (30) | 2 | 0 |
| 3 | Өсімдік шаруашылығы | Ras 3325 | БеП | 7 | көптілді | 10 | Л (15) | 1 | 0 |
| | | | | | | 10 | СПЗ (15) | 1 | 0 |
| | | | | | | 10 | ЛЗ (30) | 1 | 0 |

***Ескертпе: тізім қажетті пән бойынша дұрыс көрсетілмеген жағдайда – себебін анықтау және шешім қабылдау үшін ББ жобалау кеңсесіне хабарласыңыз.***

1) Қажетті пәннің деректерін дұрыс көрсету кезінде – академиялық ағымдарды құрамыз (уақыт нормаларына сәйкес, 2023-2024 оқу жылына: 125 білім алушы – академ. дәріс ағымы, 25 білім алушы – практикалық / семинар сабақтарының акад. ағымы, 15 білім алушы – зертханалық сабақтардың академ. ағымы):




***Ескертпе: 2023-2024 оқу жылында ЖОЖ сипаттамасында «Автокесте» деген сөз бар***

2) Академ. дәріс ағымын құрамыз – 1 ағым (78/125=0,6 =1 академ. ағым)



3) Практикалық / семинар сабақтарының акад. ағымын құрамыз – 4 ағым (78/25=3,12 =4 академ. ағым)




4) Академиялық ағымдар құрылды:




Ескертпе:

1) есептеу кезінде академ. ағым санын үлкен жағына қарай бүтін санға дейін дөңгелектейміз (әйтпеген жағдайда білім алушылар кестеге тіркеле алмайды)
2) ағымдардың санын көбейту (жоғарыда көрсетілгеннен көп) – бұл орынсыз, өйткені әрбір академ. ағымға кестені құру кезінде оқытушы, аудитория және т. б. қатыстырылады
3) сабақ кестесін құру кезінде оны «бір күндегі сабақ саны» жолағымен қатар қоюға мүмкіндік бар (қосарланған сабақтар).